

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 17 ақпан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметтен босату туралы.

Бұл мәселе бойынша Президенттің тиісті ұсынымы Сенатқа келіп түсті.

Слово для информирования о представлении Президента страны предоставляется Председателю Высшего Судебного Совета Республики Казахстан Шиппу Денису Алексеевичу.

ШИПП Д.А. Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! На ваше рассмотрение внесено представление Главы государства об освобождении Архаровой Жанылсын Баяновны от должности судьи Верховного Суда в связи с уходом в отставку.

Жанылсын Баяновна является авторитетным и опытным судьей. Судейский стаж работы более 26 лет, из них более 9 лет судьей Верховного Суда. С декабря 2020 года она является членом Высшего Судебного Совета.

Уважаемые депутаты, просим вас поддержать представление Главы государства об освобождении Архаровой Жанылсын Баяновны от должности судьи Верховного Суда в связи с уходом в отставку.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Спасибо, Денис Алексеевич, присаживайтесь.

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Президенттің ұсынымын талқылап, өз қорытындысын әзірледі.

Слово для информирования о заключении комитета предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, обсудив на своем заседании предложенную Президентом Республики Казахстан кандидатуру к освобождению от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан, вынес заключение.

На основании представления Президента Республики Казахстан от 14 февраля 2022 года и в соответствии с подпунктом 1) статьи 55 Конституции Республики Казахстан, пунктами 1 и 3 статьи 34 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» рекомендовать Сенату Парламента Республики Казахстан освободить от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан Архарову Жанылсын Баяновну в связи с уходом в отставку.

Прошу поддержать. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Шешімді ашық дауыс беру арқылы қабылдаймыз.

Архарова Жаңылсын Баянқызын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Нұрмағанбетов Жандос Демесінұлына беріледі.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын сіздердің қарауларыңызға ұсынуға рұқсат етіңіздер.

Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресейдің ұлттық электр энергиясы нарықтарын интеграциялау жолымен қалыптастыру жоспарлануда.

Аталған міндетті Жоғары экономикалық кеңестің шешімдерін іске асыру үшін:

2015 жылғы 8 мамырда одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының мақсаттары мен міндеттерін, оның нысаналы моделін, басқару құрылымдарын, нарық субъектілерінің өзара іс-қимыл тетіктерін реттеудің нысандары мен әдістерін айқындайды, сондай-ақ нарықты қалыптастыру кезеңдерін қамтиды;

2016 жылғы 26 желтоқсанда одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама ұйымдастырушылық, заңнамалық және технологиялық іс-шаралар кешенін, оның ішінде жедел келісімшарттар бойынша және бір тәулікке алға ортақ нарықта сауданың электрондық жүйесін, ақпарат алмасу жүйесін әзірлеу жөніндегі іс-шараларды қамтиды;

2019 жылғы 29 мамырда Жоғары кеңес 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама нысанында одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру туралы халықаралық шартқа қол қойды;

2019 жылғы 20 желтоқсанда одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспарда хаттамада көзделген одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыруға бағытталған қағидаларды бекіту және күшіне енгізу мерзімдері белгіленген.

Хаттамамен одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеу және даму негіздері бойынша нақтылаулар енгізілді, одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеу қағидаларымен реттелетін салалар белгіленді.

Ұлттық нарықтардың ерекшеліктерін ескере отырып, тараптар одақтың ортақ нарығын қалыптастыру кезінде қолданыстағы ұлттық электр энергетикалық нарықтарды, оның ішінде қуат нарықтарын сақтау жөнінде келісімге қол жеткізді.

Хаттамада одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру, оның жұмыс істеу және даму қағидадары көзделген. Бұлар:

1) тең құқылық, өзара тиімділік және мүше мемлекеттердің кез келгеніне экономикалық залал келтірмеу негізіндегі ынтымақтастық;

2) электр энергиясын өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық мүдделерінің теңгерімін сақтау;

3) нарықтық қатынастарға және адал бәсекелестікке негізделген тетіктерді басым пайдалану;

4) электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету;

5) мүше мемлекеттердің қатар жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелері негізінде одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын кезең-кезеңімен қалыптастыру және дамыту;

6) мүше мемлекеттердің энергетикалық қауіпсіздігін ескере отырып, мүше мемлекеттер субъектілері арасында электр энергиясының саудасын жүзеге асыру.

Одақтың ортақ нарығын қалыптастыру мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне жасалған шарттар шеңберінде өзара электр энергиясы саудасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ электр энергиясын нақты жеткізудің жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеу үшін тетік құру көзделеді, бұл келісілген кестелерді сақтау үшін жауапкершілікті арттырады.

Электр энергиясы нарығын құрудың әсері өндіруші және беруші қуаттарды пайдалану тиімділігін арттырудан, электр энергиясының өзара және сыртқы саудасы көлемінің өсуінен көрінеді. Сондай-ақ энергия өндіруші ұйымдар арасында бәсекелестік артады деп болжануда.

Қазіргі уақытта қатысушы елдер одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және келісу бойынша жұмыс жүргізуде.

Бүгінгі күні хаттаманы Қазақстаннан басқа барлық мүше мемлекеттер ратификациялады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқтырмайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Жандос Демесінұлы! Өздеріңіз білетіндей, электр энергиясымен қамтамасыз ету мәселесі қазір халық арасында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде кеңінен талқылануда. Соңғы уақыттары электр энергиясының жетіспеушілігі жүйелі түрде үйреншікті мәселеге айналып бара жатқаны өкінішті-ақ.

Жақында ғана Қазақстанның оңтүстігінде электр энергиясын ажырату себебін «KEGOC» АҚ «Орталық Азияның энергожүйесі жасаған авариялық теңгерімсіздік салдарынан болған қуат толқыны» деп атады. Сонымен бірге кейінгі кезде электр энергиясының жетіспеушілігіне цифрлық криптовалюта майнингімен айналысатын

«майнинг-фермалар» құрал-жабдықтарының көбеюі себеп болып отыр. Бұл ретте Кембридж баламалы қаржы орталығының (ССАФ) мәліметтеріне сәйкес криптовалюта майнингі көлемі бойынша Қазақстан әлемде АҚШ-тан кейінгі екінші орында екен.

Осыған байланысты менде мынадай сұрақтар бар:

1. Қазақстанда өндірілетін электр энергиясы Орталық Азияның «энергетикалық жүйесі» арқылы Өзбекстан мен Қырғызстанға сатыла ма? Сатылса, жылына қандай көлемде?

2. «Майнинг-фермалар» деп аталатындар жылына қанша электр энергиясын тұтынады? Заңсыз «майнинг-фермалармен» күрестің нәтижесі бүгінде қандай дәрежеде? Рақмет.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Рақмет, құрметті Рысқали Қалиақбарұлы.

Өзбекстанда болған апат жөніндегі бірінші сұраққа қатысты айтсақ, техникалық апат Жизақ облысындағы Сырдария ГРЭС-де басталғанын өзбек әріптестердің өздері қабылдап отыр. Оның салдары біздің оңтүстік өңірлерге де тиіп кетті, бірақ жүйелік оператор «KEGOC» АҚ жөндеу жұмыстарын тез арада өткізіп, үш сағаттың ішінде тұрақтандырды.

Егер нақты электр энергиясының көлемі жөнінде айтар болсақ, алдыңғы жылдары Өзбекстанға электр энергиясының сатылымдары болды, 1 миллиард киловатт-сағатқа дейін сатып отырды. 2021 жыл бізге қиындық тудырды, оның себебі екінші сұраққа байланысты, яғни майнингке байланысты. Сондықтан Өзбекстанға экспорт тоқтап қалды. Ал Қырғызстанға мемлекетаралық келісім бойынша біз қыс және күз айларында электр энергиясын жібереміз, ал қырғыз бауырлар өз тарапынан бізге көктемде және жазда су жібереді. Осы келісімшарт бойынша екі мемлекеттің үкіметтері арасындағы шартқа байланысты біз Қырғызстанға 900 миллион киловатт-сағат экспорт жасадық. Қырғызстан бұны үш жылда 300 миллион киловатт-сағаттан, яғни 300 миллион куб су көлемінде бізге қайтарып береді. Бұл бірінші сұраққа байланысты.

Ал екінші сұраққа байланысты айтсақ, біздің энергия жүйемізде майнинг құбылысы былтыр көп тарап кетті. Көбінесе заңсыз, бір мекемелерде тығылып, салық төлемей және құзырлы органдарға ақпарат бермей жұмыс істеп жатқан майнингтер бар. Осыған байланысты Президент пен Үкімет басшысының берген тапсырмалары бойынша ведомствоаралық топ құрылды. Оны Салық комитеті, Электр энергетикасын реттейтін комитет және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінен құрылған топ іс-сапарларда жан-жақты қарады. Бірінші нәтижелерін беріп жатыр, заңсыз қолданылған майнинг-фермалар табылып жатыр, оларды ағыту мәселелері жүргізіліп жатыр. Осы жұмыс жүйелі түрде жолға қойылады.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Жазбаша ақпарат берілсін.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Жақсы.

ТӨРАҒА. Рысқали Қалиақбарұлына жазбаша толықтай ақпарат бересіз, бірақ қазір депутаттарға түсіндіріп кетсеңіз.

Сонда заңсыз түрде жұмыс істеп жатқан майнинг-фермаларды жабасыздар ғой?

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Жабамыз.

ТӨРАҒА. Табылса оларды жабасыздар, солай ма?

НҰРМАҒАНБЕТОВ Ж.Д. Иә, жабу керек.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Жандос Демесінұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Баяндамашы заң жобасының мәнін айтып, жан-жақты түсіндіріп берді.

Заң жобасының мақсаты 2019 жылғы 29 мамырда қол қойылған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау болып табылады.

Хаттама мүше мемлекеттердің энергетикалық қауіпсіздігін арттыру, Еуразиялық экономикалық одақта адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құқықтық кеңістікті қалыптастыру, мүше мемлекеттер экономикаларының электр энергетикасы саласындағы тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау мақсатында қабылданды.

Заң жобасында одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының жұмыс істеу қағидасы, сондай-ақ одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын басқару және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі ереже айқындалады.

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығында электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің және электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыруға уәкілетті өзге де ұйымдардың қызметін реттеу мен бақылау тәртібі регламенттеледі. Электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыру бойынша ереже белгіленеді.

Электр энергиясын сатуды және сатып алуды жүзеге асыратын және ішкі көтерме сауда электр энергетикалық нарықтарының субъектілері болып табылатын заңды тұлғалар, мемлекетаралық электр беру желілері арқылы шектес мүше мемлекеттен «тұйық схема» бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар, сондай-ақ мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес электр энергиясының нақты сальдо-ағындарының жоспарлы мәндерден сағаттық ауытқуларын реттеуге уәкілетті заңды тұлғалар одақтың ортақ электр энергетикалық нарығына қатысушылар болады.

Хаттама шеңберінде одақтың ортақ электр энергетикалық нарығындағы электр энергиясымен сауда жасау еркін екіжақты шарттар бойынша электр энергиясымен өзара сауда, түрлері электр энергиясымен өзара сауда жасау қағидаларында айқындалатын электр энергиясымен орталықтандырылған сауда шарттары негізінде электр энергиясының нақты

сальдо-ағындарының жоспарлы мандерден сағаттық ауытқуларын реттеу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Аталған заң жобасы жұмыс тобының отырысында қарастырылды, онда бірқатар мәселелер туындады.

1. Бүгінгі таңда Қазақстанда электр энергиясының бағасы одаққа мүше мемлекеттер арасында Қырғызстаннан кейінгі ең төмен бағалардың бірі. Орташа тарифтер бойынша Беларусь елінде 42 теңге, Арменияда 34 теңге, Ресей Федерациясында 23 теңге, Қазақстанда 18 теңге, Қырғызстанда 10 теңге.

Ортақ электр энергетикалық нарықтың жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу барысында нарықтардың айырмашылықтары ескеріліп, ортақ нарықтың электр энергиясын өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық мүдделерінің теңгерімі сақталуы тиіс. Сондай-ақ әлеуметтік шиеленіске жол бермеу мақсатында электр энергиясына тарифтердің күрт өсуін болдырмау үшін Үкімет тиісті шаралар әзірлеп, қабылдауы тиіс.

2. Қазақстанда электр энергетикасы жүйесіндегі жабдықтардың тозу деңгейі айтарлықтай жоғары. Энергия өндіруші ұйымдарда тозудың орташа көрсеткіші 53 пайыз, өңірлік электр желілік компанияларда 66 пайыз. Қазіргі уақытта уәкілетті орган жаңа қуаттарды іске қосу және жұмыс істеп тұрғандарды жаңарту бойынша жұмыс жүргізуде.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Құрметті әріптестер! Баяндалғанды ескере келе Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Сенат отырысының қарауына Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабының 4-тармағына сәйкес енгізе отырып, Мәжіліс мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әлімжан Сейітжанұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Ұсынылып отырған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында электроэнергетика саласындағы нарықтарын интеграциялау жолымен қалыптастыру жоспарлануда.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Электр энергетика саласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте «Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты міндеттің бірі. Қазақстанда энергияны тұтыну қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Бірақ іске қосылып жатқан жаңа қуат көздері оған сай емес. Сұраныстан артық өндірілген электр

куаты таяу арада сарқылуы мүмкін. Шын мәнінде еліміздің дамуы энергетика саласының тұрақтылығына тікелей байланысты», – деп атап өткен болатын.

2022 жылға арналған электр энергиясының болжамды теңгеріміне елімізде 4,6 миллиард киловатт-сағат көлемінде электр энергиясының тапшылығы болжануда және бұл үрдіс алдымыздағы 10 жылдың ішінде сақталады деген болжам бар. Бұл көлемдер электр энергиясының импортын ұйымдастыру есебінен толықтырылады. Қазақстан әлемде ең көп энергия пайдаланатын елдердің бірі. Біздің экономика Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше елдермен салыстырғанда энергияны 3 есе көп пайдаланады.

Аталған енгізулер одаққа мүше мемлекеттер арасындағы электр энергетикасы саласындағы экономикалық ынтымақтастықты, ортақ электр энергетикалық нарығын кезең-кезеңімен қалыптастырып дамытуды, мүше мемлекеттер субъектілері арасындағы электр энергиясының саудасын жүзеге асыру және электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Құрметті әріптестер! Аталған заң жобасын толығымен қолдаймын, сондай-ақ әріптестерімді қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылдаған заң Еуразиялық экономикалық одақта ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыруға және ұйымға мүше елдердің арасында әділ бәсекелестікке қол жеткізуді көздейді. Сондай-ақ бұл құжат экономикалық өзара тиімді және тең құқылы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға арналған.

Алдағы уақытта осы хаттама Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Күн тәртібіндегі үшінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Қамалетдинов Сұлтан Бүркітбайұлына беріледі.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздерге Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы мемлекетаралық шартты ратификациялау көзделген заң жобасы ұсынылады.

Шартқа 2020 жылғы 16 қазанда 1994 жылғы 28 наурыздағы екі ел арасындағы әскери ынтымақтастық туралы шарттың орнына қол қойылды.

Шарт екі мемлекет арасындағы әскери ынтымақтастықты жандандырып, оны одан әрі дамытуды көздейтінін атап өту қажет. Бұл ретте 1994 жылы жасалған шарттың ережелері іске асырылды.

Шартты ратификациялау мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде әскерді қолдануды бірлесіп жоспарлауға, қауіпсіздікке төнетін сын-қатерге бірлесіп қарсы әрекет етуге, халықаралық ұйым, мәдениет, спорт саласындағы және басқа да бағыттағы әскери ынтымақтастыққа мүмкіндік береді.

Ресей Федерациясы Қазақстанның стратегиялық әріптесі, әрі Ұжымдық қауіпсіздік ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі әріптесі екенін атап өткен жөн.

Шартты ратификациялау екі мемлекеттің қорғаныс қабілетін нығайту, қазіргі заманғы сын-қатерге қарсы тұру бойынша үйлесімді әрекет ету бағытында бірлесіп жұмыс істеуге қосымша серпін береді.

Құрметті депутаттар, қолдауларыңызды сұраймын.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Қазақстан мен Ресей Федерациясы әскери ынтымақтастық туралы жасасқан шарттың 3-бабында бітімгершілік қызмет сияқты бағыт бойынша әскери ынтымақтастық көзделген. Бірақ бітімгершілік іс-шараларды бірлесіп жүргізу тәртібі қалай болатыны келісімде айқындалмаған.

Осыған байланысты сұрақ: бітімгершілік контингентін жіберу туралы шешім қалай қабылданады және осы екі ел арасындағы әскери қызметшілердің бірлескен бітімгершілік қызмет бойынша тәжірибесі бар ма? Рақмет.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Сұрағыңызға рақмет, өте маңызды сұрақ.

Бітімгершілік контингентін жіберу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Президенттің ұсынысы негізінде Парламент қабылдайды. «Қазақстан Республикасының бітімгершілік қызметі туралы» Заңға сәйкес бітімгершілік операциясына қатысу үшін оның мандаты болуы тиіс.

Қазіргі уақытта Ресеймен арада бұндай тәжірибе жоқ, бірақ бұндай жағдайда ол жеке шартпен реттеледі.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтан Бүркітбайұлы. Жалпы біздің әскерлердің бітімгершілік миссияларына қатысудағы тәжірибелері бар ғой. Біраз елдерге жібергеніміз бар, Біріккен Ұлттар Ұйымының аясында да үлкен миссияларға қатысқанымыз бар, сол туралы қазір қысқаша ақпарат беруге дайынсыз ба? Орысша айта беріңіз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, сегодня вопросы обеспечения безопасности ставятся во главу угла. Вместе с тем хотел отметить, что вооруженные силы готовы выполнить поставленные задачи. Совместно с нашими союзниками, Российской Федерацией мы прорабатываем все вопросы, касающиеся совместного применения вооруженных сил, подготовки оперативной совместимости и так далее, которые будут необходимы при выполнении тех задач, которые будут возложены на вооруженные силы.

ТӨРАҒА. Спасибо, Султан Буркитбаевич. По вопросам, связанным с участием казахстанских военнослужащих в миротворческих миссиях совместно с нашими партнерами по ОДКБ и в рамках Организации Объединенных Наций, пожалуйста, депутатам предоставьте информацию в письменном виде.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Вас понял. Есть.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Сұлтан Бүркітбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Бұл заң жобасы жаңадан қабылданып отырған заң емес, оның үлкен тарихы бар. Бізде Ресеймен осындай заңға ең алғаш 1992 жылдың 25 мамырында қол қойылған. Одан бері қарай көптеген өзгерістер болып өтті, 2013 жылы 11 қарашада жаңадан шарт жасалған. Бүгінгі қарап отырған шартқа 2020 жылдың 16 қазанында қол қойылған. Бұл шарт бір-бірімен сабақтас, бұлар бір-бірімен байланысты және ол көпжақты емес, Ресеймен екіжақты әскери ынтымақтастыққа байланысты заң.

Мұнда жаңа өзіңіз айтқан бітімгершілік күштерін пайдалану, бітімгершілік күштерін пайдалану барысында әскерді қолдануды бірлесіп жоспарлау, егер қауіп төніп жататын болса, онда төнген қауіпке бірлесіп әрекет ету, әскери және оперативті даярлықты бірлесіп жоспарлау мәселесі қарастырылған.

Ресейде үлкен әскери жоғары оқу орындары бар, біздің Қазақстан Қарулы Күштеріндегі азаматтардың басым көпшілігі осындай әскери оқу орындарын бітірген. Осыған байланысты дәл осы шарт бойынша әскери білім мен әскери ғылымды ортақтаса игеру мәселесі де қамтылған. Сондай-ақ жаңа көтерілген бітімгерлік күштердің құрамында бірлесіп әрекет ету мәселесі де осы заңда қамтылған. Ол басқа да шарттарда, екі елдің

Қорғаныс министрліктерінің арасындағы басқа келісімдер бойынша да жүзеге асырылады. Бірақ бұл заңда бұл мәселе анық, айқын көрсетілген. Сонымен бірге мұнда бітімгершілік күштері ғана емес, мұнда әскери ынтымақтастықтың мәдениет саласында да, ақпарат саласында да көптеген түрлері бар, осы мәселелер де бұл заңда талқыланған.

Заң жобасы Сенаттың барлық комитеттерінде тиісті талқылаулардан өтті, барлық комитеттерден оң қорытындылар келіп түсті. Барлығы да заң жобасын мақұлдап отыр.

Бұл заң жобасы біздің еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға қажет заң.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұхтар Абрарұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз Қожамжаров Қайрат Пернешұлына беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Ұсынылып отырған заң жобасы елеулі саяси-әскери халықаралық құжат болып табылады.

Біріншіден, шарт екі ел арасындағы тату көршілік пен мемлекеттік егемендікті, аумақтық тұтастықты өзара құрметтеу қағидаттарын бекітеді.

Екінші жағынан, өңірлік қауіпсіздікке төнген сын-қатерлі шақтарда тараптардың өз өтініші бойынша қарулы күштерді бірлесе қолдану ережелерін анықтайды.

Шарт одақтас елдер арасындағы әскери ынтымақтастықты жан-жақты дамытуға мүдделі.

Құрметті әріптестер! Заң жобасының ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығына байланысты қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң тең құқықтық және өзара тиімділік қағидаттары негізінде Қазақстан мен Ресей арасындағы әскери ынтымақтастықты дамытуға бағытталған. Құжат екі елдің қауіпсіздігін күшейтуді көздейді.

Заң ұлттық және өңірлік деңгейлердегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті арттырып, сенім мен әріптестік шараларын кеңейтеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Рақмет.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Бұл сауалға шаруалардың көктемгі егіс маусымына дайындыққа қатысты үлкен алаңдаушылығы себеп болып отыр.

Халқымызда «көктемнің бір күні жылға азық» деген сөз бар. Шынымен де халықтың азық-түлік тауарларына қол жетімділігі, елдегі тамақ өнімдерінің бағасы көктемгі егіс жұмыстарын қалай жүргізетінімізге және қандай өнім алуымызға байланысты. Қазақстандықтардың көпшілігінің өмір сүру деңгейі аграрлық өндірістің дамуына тікелей тәуелді, өйткені олардың отбасылық табысының басым бөлігі азық-түлікке кетеді.

Біз «ауыл шаруашылығы саласы экономиканың драйвері болуы керек» деп айтуды жақсы көреміз. Бірақ шын мәнінде бұл үшін тиісті жағдайлар жасай алмай отырмыз.

Во-первых, за четыре года реализации Государственной программы развития АПК на 2017 – 2021 годы планировалось направить в отрасль более 2 триллионов тенге, однако фактически выделено всего лишь 80 процентов от необходимой суммы. Спрашивается, для чего мы принимаем государственные программы, если потом их сами не выполняем?

В рамках ВТО Казахстан имеет право субсидировать в аграрную отрасль на уровне 8,5 процента от стоимости валовой продукции сельского хозяйства. При этом фактическая господдержка в республике многие годы составляет 4-5 процентов, что в 1,5-2 раза меньше, чем у наших основных партнеров по ЕАЭС – России и Беларуси. А это, в свою очередь, влияет на конкурентоспособность казахстанской продукции.

Кроме того, в отличие от ведущих аграрных стран у нас не развита эффективная система кредитования АПК. Так, в прошлом году только 13 процентов сельхозтоваропроизводителей получили удешевленные кредиты, и то только по весенне-полевым работам. Но при этом некоторые государственные менеджеры считают, что наше сельское хозяйство якобы «залито» государственными субсидиями, что не нужно усиливать господдержку АПК.

Бұл жерде айтарым, біздер, депутаттар ауыл шаруашылығының мүддесін, жалпы ауылдың мүддесін тиісті деңгейде қорғауымыз керек. Ашығын айтсақ, біздің Парламентте жетекші аграрлық елдермен салыстырғанда мемлекеттік аграрлық лобби өте осал.

Во-вторых, в указанных странах министерство сельского хозяйства является стратегическим государственным органом, а у нас все основные нормативные приказы Министра сельского хозяйства согласовываются в обязательном порядке с другими министерствами.

В 2020 – 2021 годах на согласование правил субсидирования, регламентов и так далее ушло от 20-30 дней до семи месяцев. О каком оперативном управлении отраслью можно говорить?

В-третьих, в отличие от нас в аграрных ведомствах США, Канады, Австралии, России, Беларуси в основном состоят госслужащие, имеющие соответствующий опыт работы в сельскохозяйственном производстве. У нас же в соответствии с требованиями госслужбы в Министерстве сельского хозяйства могут работать сотрудники, не отличающие пшеницу от ячменя.

В указанных странах при министерствах организованы экспертные исследовательские центры и информационные системы, что позволяет им принимать

управленческие решения на уровне проектного менеджмента. Формула их успеха заключается в опережающем развитии аграрной науки. А мы своими действиями зачастую препятствуем работе наших ученых. Так, в прошлом году из-за несвоевременного проведения конкурсов ученые аграрных НИИ восемь месяцев сидели без финансирования, а с начала этого они до сих пор не получили заработной платы.

Работать в нашем Министерстве сельского хозяйства сейчас очень непросто, его работа напоминает пожарную команду, героически борющуюся с последствиями возникающих то там, то здесь проблем в отрасли. У нас никогда не будет должного развития АПК, пока не изменится система его управления, статус и содержание деятельности Министерства сельского хозяйства.

Сөзімнің соңында алдағы егіс маусымына дайындыққа қатысты маңызды мәселелерге тоқталғым келеді. Өткен жылғы 30 жыл ішінде болмаған құрғақшылық агробизнеске қатты соққы болды. Азық-түлік тауарларына бағаның өсуін шектеуге байланысты нарықтық емес әдістер, олардың экспортын жабу фермерлердің кірістерін азайтты.

Қазақстанның оңтүстігінде биыл да суармалы сумен проблемалар болатыны көрініп тұр. Солтүстікте көп жылдық көрсеткіштермен салыстырғанда топырақтағы күзгі ылғал қоры 10-15 пайыз төмен. Оған қоса биыл көптеген ауылшаруашылық тауар өндірушілері егістіктерде қар тоқтату шарасын ұйымдастыра алмады, бұл мәселелер көктемде топырақтың ылғалдығына кері әсерін тигізетіні анық. Сондықтан ағымдағы жылдың қалыптасқан жағдайында Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында егін егу жұмыстарын уақытылы жүргізу үшін шаруашылықтарға барлық жағдай жасау жөніндегі тапсырмасын сапалы орындау өте маңызды.

Көктемгі егіс жұмыстарын несиелеуге биыл да өткен жылдағыдай бюджеттен 70 миллиард теңге қарастырылған. Агроқұрылымдардың қаржылық жағдайын ескере отырып, көктемгі егіс жұмыстарын сапалы жүргізу үшін несиелендіру көлемін 140 миллиард теңгеге дейін жеткізу қажет деп санаймыз.

Құрметпен, сенаторлар Күрішбаев, Бектаев, Булавкина, Жұмағазиев, Мусин». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, регламентті сақтаймыз.

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Уважаемый Алихан Асханович! Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев на заседании Мажилиса Парламента 11 января 2022 года отметил: «Общеизвестно, что регионы Казахстана развиваются неравномерно. Диспропорции создают предпосылки для социального дискомфорта, роста миграционных настроений».

Одной из наиболее актуальных проблем развития государства являются вопросы внутренней миграции, которые недостаточно отрегулированы в нашем законодательстве.

При этом вопросы внутренней миграции и переселения населения из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы не были достаточно изучены через призму ценностей, мотивов, ментальных и культурных особенностей мигрантов, в том числе этнических.

Согласно информации Международной организации по миграции, во внутренней миграции в Казахстане ежегодно охвачено более 1 миллиона человек. Основным вектором внутренней миграции остается перемещение людей в города Нур-Султан, Алматы и Шымкент. В 1992 году доля этих трех городов в общей численности населения страны составляла более 11 процентов, в 2021 году возросла до 22,6 процента, почти в два раза. Такая динамика уже привела к перенаселенности крупных городов и регионов, дисбалансу в миграционных процессах за счет уменьшения сельского населения, к увеличению социальной напряженности в обществе, росту безработицы, ухудшению жилищного вопроса, нехватке общеобразовательных и медицинских учреждений и так далее.

При этом высокий уровень рождаемости по стране в 2021 году составил 413 тысяч детей, половина из которых родились в южных регионах. Единственным регионом, в котором наблюдается положительное сальдо внутренней и внешней миграции, является Мангистауская область.

Диспропорции регионального развития, неравенство доходов и дисбаланс рынка труда в целом негативно повлияли на развитие экономики, сдерживая рост производительности труда, усугубляя это упадком села и отсутствием работы в сельской местности.

К сожалению, принятые государственные программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы «Еңбек», «С дипломом в село», «Ауыл - ел бесігі», «Серпін - 2050» оказывают недостаточные меры для улучшения жизни.

По данным социологического исследования 2021 года, 27 процентов опрошенных респондентов, проживающих в сельской местности, изъявили желание переехать в города, 14 процентов респондентов основной причиной данного решения называли отсутствие работы на селе.

Также негативное влияние миграции на ищущих работу людей приводит к разрушению их семей. Так, за последние три года количество разводов увеличивается и достигло 45 процентов, из них основная причина связана с безработицей и отсутствием доходов, соответственно, с миграционными процессами. Это очень острая проблема. Как следствие, влияние миграции негативно сказывается на обществе в целом.

Важно также отметить, что наши граждане, особенно наша молодежь, большими группами все чаще стали уезжать на заработки в ближнее и дальнее зарубежье, не найдя достойной работы в Казахстане, не имея возможности прокормить себя и свои семьи, создают большую армию «казахских гастарбайтеров».

Так, согласно статистическим данным, за девять месяцев 2021 года почти 7,5 тысячи молодых казахстанцев в возрасте 18-35 лет покинули страну в поисках лучшей жизни, что на 8,9 процента больше чем за аналогичный период 2020 года. Но реальные цифры, возможно, в разы больше.

Одной из ключевых причин является то, что основная масса молодежи не желает получать образование и работать в непрестижных сферах.

Современная политика должна быть призвана сократить те вызовы и риски, которые несет в себе миграция населения, а также требует усиления позитивного потенциала для развития страны.

Реализация миграционной политики потребует активного вовлечения всех имеющих отношение к этой сфере государственных структур с привлечением заинтересованных и готовых к сотрудничеству негосударственных организаций, бизнеса и институтов гражданского общества.

Решение сложившейся ситуации в области внутренней миграции требует принятия безотлагательных системных мер. В этой связи предлагается следующее:

пересмотреть внутреннюю миграционную политику в соответствии с процессами урбанизации и спросом на рынке труда, во взаимодействии с региональными приоритетами, учетом прогрессивного мирового опыта;

поставить на особый контроль вопросы неучтенной внутренней миграции, а также совершенствовать прогноз и регулирование потока внутренней миграции во взаимосвязи с модернизацией социально-экономического развития страны, с акцентом на сельские территории;

принять кардинальные меры по уменьшению оттока квалифицированной рабочей силы, создав благоприятные условия и стимулы для прибытия высококвалифицированных специалистов в нашу страну.

Просим дать ответ в установленные законом сроки.

С уважением, депутаты Комитета по социально-культурному развитию и науке Сената Парламента Республики Казахстан». Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Бейбіт шерумен басталған кешегі қаңтар оқиғасында барлық іс-қимылдары бір орталықтан үйлестірілген діни радикалдар мен қылмыстық топтар бірқатар өңірдегі халықтың наразылығын сылтау ретінде пайдаланып, арты ел тыныштығын бұзған үлкен қақтығысқа алып келді.

Осындай қысылтаяң шақта Президенттің барлық жауапкершілікті өз мойнына алып, уақытылы әрі батыл стратегиялық шешім қабылдауы арқасында еліміздің тұтастығы мен қауіпсіздігі сақталып қалды.

Бұл ретте Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясында сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы: «Олардың басты мақсаты: конституциялық құрылысқа нұқсан келтіру, басқару институтын бүлдіру, билікті басып алу болғаны анықталды», – деп бағасын берген болатын.

Дін атын жамылған жат ағымдардың мүшелері діни сауаты мен әлеуметтік тұрмысы төмен жастарымызды өз қармақтарына түсіру мақсатында олардың санасын улап, жат идеологиясын таратумен айналысқаны белгілі болып отыр.

Бүгінгі күні статистикалық мәліметтер бойынша дінге қызығушылық білдірген азаматтардың 73 пайыз қажетті мағлұматтарды ғаламтор желісінен іздейді, яғни қазіргі ғаламтордағы әлеуметтік желілер, видеохостингтер мен блог-платформалар және басқа да байланыстырушы ақпарат құралдары әлемдегі жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа қауіптердің туындауына септігін тигізуде.

Жалпы, деструктивті діни ағымдардың түпкі негізі бір, мақсаты ортақ, яғни халифат құру, халифатта өмір сүру, еліміздің конституциясын, құрылымын, заңнамасын, халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрі мен тілін мойындамау.

2019 жылы Қазақстан дінтанушыларының XI форумында Ұлттық қауіпсіздік комитетінің терроризмге қарсы орталығының өкілі Сергей Швейкин өз сөзінде Қазақстандағы деструктивті ағымды ұстанушылардың саны 20 мыңнан асатынын мәлімдеді. Осы тұста бұлардың саны неге көбейіп жатыр деген сұрақ туындайды.

Кейбір деректерге сүйенсек, еліміздегі діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен 270 миллиард теңге бөлінген, алайда оның 4 пайызы ғана профилактикалық шараларға жұмсалған. Бұл бағдарламаның өз нәтижесін тиісті дәрежеде бермегенін «қайғылы қаңтар» оқиғасы көрсетіп отыр және де әлі күнге дейін осы салаға жауапты уәкілетті органдар тарапынан бұл мәселеге қатысты баға да берілмеді.

Ағымдағы жылдың 11 қаңтары күні Мемлекет басшысы Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде діни экстремизмге қарсы күрес бойынша жүйелі шаралар кешенін іске асыру қажеттігі туралы айтқан болатын.

Осы және болған оқиғаларды саралай келе төмендегідей жұмыстарды атқару ұсынылады:

- 1) діни ахуалды терең зерделеп, діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жаңа мемлекеттік бағдарлама дайындау;
- 2) өңірлер бөлінісінде Қазақстанның діни ахуал картасын әзірлеу;
- 3) дін саласы бойынша мониторинг және сараптама жүргізетін республикалық зерттеу орталығын құру, оны тиісті білімі бар кәсіби, білікті мамандармен жасақтау;
- 4) орталықтан басқару және үйлестіру арқылы тиісті әдістемелік, ақпараттық, қаржылық қолдау көрсете отырып, өңірлердегі ақпараттық насихат топтарының қызметін жетілдіру және күшейту;
- 5) дін саласы бойынша мемлекеттік ұйымдардағы дінтанушы, теолог мамандардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесін қарастыру.

Сонымен қатар еліміздегі қалыптасқан дәстүрлі діни конфессия өкілдерімен бірлесе отырып:

діни бағытта мамандар даярлайтын орталықтар мен жоғары оқу орындарының сапасын арттыру және осы бағыттағы жұмысқа кәсіби мамандарды, сондай-ақ азаматтық қоғам өкілдерін тарту;

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы тарапынан имамдар қауымдастығының білім деңгейін арттырып, сапасын жақсарту туралы іс-шараларды жүргізу қажет деп есептейміз.

Аталған сауал бойынша заңнамада белгіленген мерзімде жазбаша түрде жауап қайтаруыңызды сұраймын.

Құрметпен, депутаттар Дүйсембинов, Булавкина, Жұмағазиев, Мусин, Нұралиев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Соңғы күндері Маңғыстау облысында, соның ішінде Жаңаөзен қаласында орын алып отырған жұмыссыздыққа қарсы ереуілдер өңірдің ғана емес, ел жұртшылығын алаңдатпай қоймай отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Үкіметтің кеңейтілген отырысында Маңғыстау облысындағы жағдайдың шынымен де қиын, күрделі екендігіне тоқталған болатын. Өңірдің кешенді жоспарының қабылданып, осыған байланысты қомақты қаражаттардың бөлінуі жоспарланғаны және қаражаттар бірінші кезектегі мәселелерді шешуге бағытталып жұмсалуды керек екендігі туралы айтқан болатын.

Қаңтар айындағы орын алған қайғы оқиғалардың басы да осы Жаңаөзендегі бейбіт акциядан басталғаны баршаға мәлім. «Сұйытылған газ бағасының қымбаттауы» деген ресми себебі болғанымен, түп тамыры мұнайшылар қаласындағы жұмыссыздықтың кең орын алуы, тұрмыстық тауарлар мен азық-түлік тауарларының қымбаттауы, әлеуметтік деңгейінің төмендеп кетуінде еді.

Айта кету керек, дәл осындай жағдай осыдан он жыл бұрын «Жаңаөзен оқиғасы» деген атпен тарихта қалған 2011 жылы орын алған болатын. Ол кезде де халықты алаңға шығарған басты себептердің бірі жұмыссыздық мәселесі еді.

Одан бері өткен 10 жылда Жаңаөзен қаласының экономикалық-әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында көптеген іс-шаралар қабылданды, кешенді жоспар жасақталып, миллиардтаған қаржы жұмсалды, бірқатар шаралар атқарылды да. Өкінішке қарай, бүгінгі таңдағы қалада орын алып отырған жағдай сол өткен 10 жылдың ішіндегі халықтың көкейіндегі басты мәселе – жұмыссыздық мәселесінің түбегейлі шешілмегенін айғақтап отыр.

Еліміз тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде Жаңаөзен қаласының тұрғындары 60 мың адамнан 160 мың адамға жетті және де жыл сайын 3500 адамға өсіп отыр.

Бүгінгі таңда «Өзен» кен орнын игеруші компания 100 пайыз «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясына қарасты «ӨзенМұнайГаз» АҚ. Кен орнында жылына 5,3-5,5 миллион тонна мұнай өндіріледі. Мамандардың ақпаратты бойынша алуға болатын қалған мұнай қоры шамамен 100 миллион тоннадан астам, оның үстіне жақында ғана ресми ақпаратта хабарлағандай көлемі 39 миллион тонна мұнай көзі ашылды. Бұл қор қазір мұнай өндіру деңгейімен қарағанда шамамен 30-35 жылға жетеді. Әрине бұл мерзім тарихи масштабпен қарағанда көп уақыт емес, екінші жағынан қазіргі озық технологиялар күннен-күнге дамып келе жатқан цифрлық XXI ғасырдың тұрғысынан қарағанда аз да жыл емес, мәселе осы уақытты қаншалықты ұтымды пайдалана білгенімізде.

Аумағы 370 квадрат километр болатын 5000-нан астам мұнай, су ұңғылары бар технологиялық қондырғылар, жүздеген шақырым құрайтын мұнай, газ, су құбырлары,

электр желілері бар «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС орналасқан кен орнын игеруге арналған құрал-жабдықтар, қосалқы бөлшектер, басқа да материалдардың 80 пайыздан астамы сырттан, басқа өңірлерден және мемлекеттерден келеді.

Еліміздің Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып кіруі, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болуы өндіріске қажетті бұйымдардың сырттан, басқа елдерден келуіне ықпалын тигізуде, соның салдарынан жергілікті халықтың мұнай өндіру процесінен қалыс қалу тәуекелін туғызып отыр.

Осы мәселелерді ескере отырып, халықтың мұнай өндіру процестерімен қамтылуын, жұмыс орындарының ашылуын қамтамасыз ету үшін төмендегілерді ұсынамыз:

1. Жаңаөзен қаласының аумағына «Өзен» кен орнына керекті технологиялық қондырғылар, электр жүйелері, пластикалық құбырлар, тағы басқа бұйымдар шығаратын және жөндейтін ірі кәсіпорындар ашу («ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның күшімен).

2. Кен орнына қажет құрал жабдықтардың, материалдардың тізімін жасап қайсыбірін жергілікті шағын, орта кәсіпкерлерге тікелей тапсырыспен көп жылдық мерзімге беру.

3. Осындай «қолмен басқаратын режимге» өту үшін «Өзен» кен орнына, Жаңаөзен қаласының аумағына «Ерекше аумақ» статусын беру, қажет болса «ӨзенМұнайГаз» АҚ-ның жарғысына өзгеріс енгізу мүмкіншілігін қарастыру.

4. Қуаты жылына 1 миллион тонна құрайтын мұнай өңдеу зауытын салудың мүмкіншілігін қарастыру. Бұл жоба өз кезегінде еліміздің бір түкпірінде орналасқан Маңғыстау түбегін жанар-жағармаймен қамтамасыздандыру мәселесін, әрі де өңірде мұнай кластерін дамытуға ықпал етер еді.

5. «Өзен» кен орнының терең қабаттарына геологиялық барлау-зерттеу жұмыстарын жеделдету, 2025 жылға дейін геологиялық есеп дайындау.

Осы сауалға қолданыстағы заңнама аясында жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Сауалдың толық нұсқасы жазбаша түрде жолданады.

Құрметпен, депутаттар Алдашев, Трұмов, Шелпеков».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! 1 февраля текущего года Глава государства на совещании по вопросам противодействия коррупции поручил Министерству цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности провести ревизию всех информационных систем, разработанных государственными структурами.

Также он отметил, что в некоторых случаях под предлогом цифровизации бюджет расходуется бездумно, а потом еще ежегодно кто-то получает миллионы за обслуживание

никому не нужных ресурсов. В этой связи 8 февраля текущего года на расширенном заседании Правительства Глава государства поручил навести порядок в данной сфере и создать новую систему субсидирования, направленную на повышение эффективности аграрной отрасли.

В период пандемии COVID-19 деятельность субъектов бизнеса значительно усложнена проблемными вопросами, в том числе в связи с действием запретительных и ограничительных мер. Малый и средний бизнес оказался наиболее уязвимым к условиям неопределенности, вследствие чего понес и несет многомиллиардные потери.

Конечно же, государственными и правоохранительными органами наряду с НПП «Атамекен» на постоянной основе проводятся работы по выявлению и решению системных проблем субъектов предпринимательства. И одним из таких выявленных проблемных вопросов являются доступ субъектов агропромышленного комплекса к информационной системе субсидирования, взимание и повышение платы за пользование веб-порталом «Qoldau.kz». Это интернет-ресурс, предоставляющий доступ к информационному сервису «Электронный реестр заявок на субсидирование».

Так, согласно действующему законодательству государственные услуги по субсидированию в агропромышленном комплексе должны предоставляться бесплатно через веб-портал электронного правительства «e-gov.kz». Однако на данном портале до сих пор не разработан раздел для оказания таких государственных услуг. И по этой причине прием заявок на субсидирование государство осуществляет через единственный платный ресурс.

Помимо этого, из-за отсутствия возможности подать заявку через веб-портал электронного правительства предприниматели за доступ к сервису «Qoldau.kz» вносят ежегодную абонентскую плату. К примеру, в 2019 году такая плата составляла 3 МРП, с 1 июня 2020 года стоимость увеличена до 11 МРП, то есть почти в 4 раза, и еще растет.

В настоящее время на названной платформе зарегистрировано более 200 тысяч сельхозпредпринимателей, которые за возможность пользоваться сервисом вынуждены ежегодно платить порядка 2 миллиардов тенге.

Более того, существуют дополнительные непроизводственные расходы, которые негативно сказываются на себестоимости продукции, приводят к росту цен на продовольственные товары мелких и средних крестьянских хозяйств.

В свете тенденции бесконтрольной раздачи субсидий и расходования этих средств на соответствующие цели Президент поручил разработать платформу, содержащую полную информацию о субсидировании. Данная платформа должна бесплатно обслуживать крестьян.

К сведению, за последние годы Агентством по противодействию коррупции расследовано 960 уголовных дел, из них больше половины, то есть более 50 процентов, связаны с хищением субсидий.

На основании изложенного предлагается:

государственным органам совместно с АО «Транстелеком» рассмотреть вопрос о переходе информационной системы «Qoldau.kz» в государственную собственность;

разработать на веб-портале электронного правительства альтернативный бесплатный сервис;

поручить министерствам сельского хозяйства, цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности и другим заинтересованным государственным органам принять действенные меры по реализации поручений Президента.

Прошу дать письменный ответ в установленный законом срок.

Полный текст депутатского запроса прилагается». Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 17 ақпан

Күн тәртібі бойынша	
О повестке дня	1
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметтен босату туралы	
Об освобождении от должности судьи Верховного Суда Республики Казахстан	
Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы	
Д.А. ШИППТІҢ баяндамасы	
Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан	
ШИППА Д.А.	1
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ қосымша баяндамасы	
Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В.	2
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру бөлігінде) өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде	
О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года (в части формирования общего электроэнергетического рынка Евразийского экономического союза)», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан	
Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі	
Ж.Д. НҰРМАҒАНБЕТОВТІҢ баяндамасы	
Доклад вице-министра энергетики Республики Казахстан	
НУРМАҒАНБЕТОВА Ж.Д.	3
Сөз сөйлеген:	
Выступил:	
ӘБДІКЕРОВ Р.Қ.	4
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ қосымша баяндамасы	

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КУРТАЕВА А.С. 6

Сөз сөйлеген:

Выступил:

АЛДАШЕВ С.Т. 7

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы әскери ынтымақтастық туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Российской Федерацией о военном сотрудничестве», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары С.Б. ҚАМАЛЕТДИНОВТІҢ баяндамасы

Доклад заместителя Министра обороны Республики Казахстан КАМАЛЕТДИНОВА С.Б. 9

Сөз сөйлеген:

Выступила:

КАПБАРОВА А.Ж. 9

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы М.А. ҚҮЛ-МҰХАММЕДТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности КУЛ-МУХАММЕДА М.А. 10

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. 11

Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 11

Депутат Д.Ж. НӨКЕТАЕВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУКЕТАЕВОЙ Д.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 13

Депутат С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБИНОВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 15

Депутат С.Т. АЛДАШЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АЛДАШЕВА С.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 17

Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы


Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 18

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева